

«Тәуелсіздік тұғырым»

Мақсаты: Студенттерге Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігі, егемендігі, дамуы туралы ұғындыру; оларды өз тәуелсіз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің жастары екенін мақтан етуге, өз елінің ұлтжанды патриоты болуға баулу, ана тілін сүйуге үйрету.

Геодезия және картография жоғары колледжінің кітапханасында Қасымова Санияның ұйымдастыруымен, 102 топ студенттері мен жетекшісі Тұрғазы Жәнібек Жасұланұлының қатысуымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тұғырым» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында Аманкелдіұлы Шалқар, Самархан Мағжан, Карипов Адлет, Жанюбеков Алибек, Абикенова Еркежан Қазақстан Республикасының өткені мен бүгіні және болашақ күніне көз жүгіртіп, ойларын ортаға салып саралап, білімділіктерін көрсетіп, белсенділік танытты. Дөңгелек үстел басында топ жетекшісі Тұрғазы Жәнібек Қазақстанның Тәуелсіздік алған кезеңдерден бергі халқымыздың Тәуелсіздікке жету жолындағы ерлік күресі мен қазіргі Қазақстанның жетістіктеріне тоқталды. Сөз соңында кітапхана меңгерушісі Қасымова Сания жас ұрпаққа Тәуелсіздік біздің еліміздің өшпес байлығы, қазынасы екенін дәріптей отырып, бейбіт елді, ашық аспанда өмір сүріп жатқанымыз үшін алдыңғы ата-бабаларымызды мәңгілік есте сақтап, студенттерге жетістіктер мен патриоттық сезімдерінің болуын тілеп, Қазақстан болашағы – жастардың қолында екенін айтып, өз Отанының патриоты болуға шақырды.



